

ӘОЖ 372.578.035.6

ҚАЗАҚТЫҢ МУЗЫКАЛЫҚ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ АРҚЫЛЫ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫН ПАТРИОТИЗМГЕ ТӘРБИЕЛЕУДІН КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қ.Ә.Ибрагим
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент қ.

Қазіргі заманғы қоғамдық өмірде адам өмірімен іс-әрекетінің маңызды бөлігіне айналған жас үрпаққа жалпы адами идеалдарымен ұмтылыстары көрінетін патриоттық тәрбиеге баулу мәселесі жаңа мазмұнға ие болуда. Бұл мәселенің мәні мектеп оқушыларының бойында қазақтың музыкалық шығармашылығы арқылы патриотизмге қалыптастыру, өнер шығармаларын тұтас жолын қабылдау қабілеттерімен анықталады.

Жалпы білім беретін мектептердегі мақсаттар мен міндеттерді жүзеге асыруда ғасырлардан-ғасырға келе жатқан қазақ халқының музыкалық шығармашылығы негізіндегі патриоттық бағыттағы білім беру мен тәрбиелеудің маңызы зор. Қазақ халқының музыкалық шығармашылығы оқушыларды патриоттықта қалыптастыруды үлкен тәрбиелік мәнге ие. Ал бұл мүмкіндіктер толыққанды түрде осы бағытта жүзеге асып жатыр ма? Халық музыкалық шығармашылығы құралдарымен оқушыларды патриотизмге тәрбиелуге деген даярлығының қажеттілігі, оқушыларға музыкалық білім беру мен тәрбиелеу іс-тәжірибиесінде, теориялық және әдістемелік аспектілерінің өндөлмегені қарама-қайшылық туғызып, зерттеу мәселесін анықтап берді.

Ұлттық музыкалық шығармашылық ұлттық мәдениеттің басты компоненті ретінде халықтың және оның тұрмысының, дәстүрінің, әдет-ғұрпымының, жалпы қоғамдық идеалдардың, халықтың рухани өмірінің өте жақсы көрсеткіштері, туып өскен жерінің психологиялық байланысын сипаттай отырып тәрбиелік және өнегелік мәнге ие болатыны сөзсіз.

Соңғы жылдары көптеген зерттеу жұмыстарында және де білім беру мекемелеріндегі оқу тәрбиелік іс-тәжірибиеде оқушыларда ұлттық мәдениетті қалыптастыру мәселесіне көп қөңіл бөліп жүр. Бұл дегеніміз ұлттық музыкалық шығармашылық ұлттық құндылықтарды көздей отырып, ғасырлар бойы келе жатқан тәрбие беру мен оқыту тәжірибелерін жинақтауға жағдай жасайды.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңының 8-бабында білім беру жүйесінің басым міндеттерінің қатарында жеке тұлғаны «... азаматтық пен елжандылыққа, өз Отаны – Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамда қарсы кез-келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу» - деп көрсетілген [1].

Оқушыларға патриоттық тәрбиенің қалыптасуына қазақтың ұлттық музыкалық шығармашылықтың әсер ететіндігіне ерекше қөңіл бөлінеді. Сонымен қатар оқушылардың музыкалық білімінің, талғамының, қызығушылығы мен қажеттілігінің өндөлүіне деген ықпалы. Ұлттық өнер жеке тұлғаның менгеретін ортасы бола отырып, оқушыларда ұлттық сезімдерді – Отанға деген махабbat сезімі, туған тіліне, өз халқының мәдениетіне, тарихына т.б.

патриоттық, сезімдерді тудырады. Ұлттық музикалық шығармашылық окушының тұған жерінің табиғатын, ұлттық тұрмысын, салт-дастурін, әдет-ғұрпын, мәдени құндылықтарын, қызығушылықтарын жалпы қоғамдық идеалдарды және басқа құбылыстарды санауда бейнелеу нәтижесінде алынған әсерлер, бағалар, сезімдер жиынтығынан тұратын окушы санастының қалыптасуына себебін тигізеді. Ұлттық музикалық шығармашылық әр халықта өзінше көрінетін ұлттық мінезді өндейді.

Қазіргі уақытта окушыларды патриотизмге қалыптастырудың өзекті мәселесін былай атауға болады, біріншіден, окушылардың жаңа ақпараттар жиынтығымен толысқанда музикалық талғам жағынан бағытынан адастыратын көпшілікке тиімді әрі сырттай тартымды болып көрінетін жалған қунделікті музикалық ақпаратты шығармалар ықпал етеді. Ұлттық рух пен жоғары патриоттықта тәрбиелеу мүмкіндіктеріне ие ұлттық музикалық өнер окушылардың патриоттық сана-сезіміне деген жалған өнердің теріс әсерін бейтараптандырады.

Окушыларды патриотизмге тәрбиелеуде халықтық шығармашылықты пайдалану тек мынадай жағдайларда ғана жемісті болады. Егер мектептегі оқу-тәрбие процесінде қазіргі кездегі алдыңғы қатардағы музикалық білім беру тәжірибесін және жаңа педагогикалық технологияларды жоғары түрде тәрбиелік мүмкіндіктеріне сай көптең қолдануға мақсатталған болса, халықтық музикалық шығармашылық әдісімен оқытын окушылармен патриоттық бағыттағы тәрбие жұмысын үйімдастыру әрі басқару мүғалімнің міндеті. Осылан байланысты окушыларды халықтық музикалық шығармашылық құралдарымен тәрбиелуге даярлығын қалыптастыру жөнінде жазылған ғылыми негізделген ұсыныстарға деген сұраныстар көбеюде.

Халықтық музикалық шығармашылық құралдарымен тәрбиелеудегі окушылардың даярлығына: нақты білімдер жүйесі және халықтық музикалық шығармашылық бойынша икемділіктері мен болашақ мүғалімнің жеке тұлғасының қалыптасуына оның идеялық өнегелік ұстанымдарына ықпал ететін әсерлердің жиынтығы сонымен қатар оның қозғауши сферасы мен кәсіби бағыттары кіреді. Бұл үшін окушыларды патриотизмге тәрбиелеуге даярлау жүйесіндегі халықтық музикалық шығармашылықтың қызметін анықтау қажет. Халықтық шығармашылық негізінде окушыларда музикалық мәдениетті қалыптастыруға даярлығын қамтамасыз ететін жеке тұлғалық қасиеттер мен музикалық икемділіктер кешенін анықтау, қарастырылып отырған бағыттағы окушылардың даярлығын дамытатын педагогикалық технологияларды өндеу болып табылады.

Осылайша халықтық музикалық шығармашылығы білімдерді қалыптастырудың патриоттықта тәрбиелеу технологиясы дүниеге деген көзқарас қатынасының қалыптасуына, патриоттық сезімдерін дамытуда, ұлттық мәдениетпен мұраны менгеруде, берік әрі төзімді негізі іспеттес. Бұл жөнінде окушыларды патриотизмге тәрбиелеуде халық шығармашылығын қолдану жайлы мәселелерге арналған көптеген зерттеулердің нәтижелері дәлел болады.

«Қазақстан - 2030» стратегиялық бағдарламасындағы еліміздің дамуы үшін: «... барған сайын жаңа, әрі неғұрлым өркениетті жағдай туғызуға тиіспіз» [2] деген қисынды тұжырымдама өркениетті барлық жағынан дамытуды көздейді. Соның ішінде рухани мәдениетті, оның өзекті саласы музика өнерін де өркендешу қажет екендігі түсінікті. Өйткені, музика - өнер тілі, жан азығы. Бүгінгі күнде батыстың даңғаза музикасы көгілдір экран мен радио тораптарына кіріп, жас үрпактың журегін жаулап кері пікірлерін көрсете отырды. Музиканың жас балаға беретін дүниесі көп-ақ. Ол баланың тұған табиғатынан Отанды сую, патриоттық сезімді тәрбиелеу ерте бастан баланың санаынан орын алып, оны қандай қызығушылықтар болмасын төзімділікке, батылдыққа сонымен қатар қазақ халық музикасына деген қызығушылығына жетелейді. Қазақтың ұлттық музика мәдениетінің ішінде ән салу мен ән шығару, домбыра, қобыз, сырнай тарту шығармашылық өнерімен Қ.Сағырбаев, Д.Шығаев, Тәттімбет, С.Батақова, Д.Нұрпейісова сонымен қатар музикаға айтарлықтай үлес қосқан Б.Қожағұлов, М.Мералиев, А.Құнанбаев, Ж.Мұса, М.Уәлиқызы, Ж.Жабаев, К.Әзірбаев, Ә.Қашаубаев болды. Атадан – балаға мұра болып келе жатқан қазақтың әндері, күйі, термесі, жырлары мен шығармалары мектеп окушыларын патриоттық рухта тәрбиелеуде үлкен рөл атқарып отыр. Өткен замандағы музика өнерлерінің негізгі мазмұны халық мұңы, оның ауыр тұрмысы еді. Ел мұңы ән, күй арқылы түрлі музика аспаптарының сазымен елден-елге, жүрттан-жүртқа жайылып, өз арнасымен таралып жатты. Оны таратушылар халықтың ішінен сурырылып шыққан өнер иелері: әнші, күйші, жыршы, қобызшы, сырнайшы сияқты өнерпаздар

болды. Қазақ халқы әнге, күйге бай халық. Ән салмайтын, күй тартпайтын жан кемде-кем. Музыка адам өміріне кішкентай шағынан еніп мәңгіліке қалады. Адам баласының өмірінде патриотизмге тәрбиелеуде қазақ халық музыкасының алатын орны ерекше. Музыка адамның ішкі әлемін ашатын құдіреті бар. Өнердің басқа түрлеріне қарағанда музыка жеке тұлғага көп әсерін тигізеді. Озық идеялар мен биік сезімдерге жетелей отырып, музыка ғажайып тебіреністерде патриоттық тәрбиенің мықты құралы болып табылады. Музыкалық шығармалардың көркемдік образдары - адамның өз Отанының патриоты болып қалыптасуына ерекше әсер етеді.

«Музыка бүгінге дейін бұқараның, халықтың бірден-бір поэзиясы болып қалып отыр. Сондықтан ол өз халқын сүйеттің әрбір адам үшін қызықты да қымбат. Ал өз туғаныңды сүймеу мүмкін емес... халық поэзиясында дәуірдің аңыздары сақталып қалған» демек халық әндері мен музыкалары – осының бәрі жас шағынан балаларды отансүйгіштікке тәрбиелеуге және сол сүйіспеншілігін дамытуға тиіс деп өз пікірін білдірген [3].

Шығыстың ұлы ғұламасы Әл-Фарабидін «Музыканың ұлы кітабы» атты шығармасы музыка зерттеушілерінің қызығушылығын тудырып келеді. «Біз белгілі бір музыканы тындаған кезде, - деп жазды Фараби, біздің рахаттану себебіміз біздің сезінген және қабылдаған нәрсеміздің бәрінің себебімен ұқсас болады. Мәселен, қайғыру да... қабылдаудың жетілгендігіне немесе жетілмегендігіне байланысты... практикалық музыкалық өнердің түрлі бөліктеріне оқу-үйрену нәтижесінде қол жетеді. Бұл қазіргі заманғы ғылымның да деректерімен дәлелденіп отыр: «Адамның музыкалылығы оның тұа біткен жеке-дара қабілет нышандарына байланысты, бірақ ол – даму нәтижесі, тәрбиелеу мен үйрету нәтижесі» [4].

А.Алекторов өзінің «Қазақ әні» атты мақаласында былай деп жазды: «Сыртта соғып тұрған боран, жылы жер кепеде отырып ән тындағым. Әнші тері тулақтың үстіне жайласып отырып, домбырасының шегін қаға бастады. Шектің баяу дірілі, орындаушыға домбыраның күмбірлеген қайғылы дыбысы маған ерекше бір әсер етті. Мына сиякты қарапайым әнге – қарапайым музыкаға қанша поэзия сыйып жатыр Қолдан істеген екі ішекті домбырада мұндай нәзік, мұндай әсем дыбыстар шығады дегенге мен ешуақытта сенбеген болар едім. Егерде мына қарапайым, жаңына тиетін әнді өз құлағымен естіген болсам, мен оның ызындаған жаратылыс үнімен ұласатын күйіне де сенбес едім» деп, - атап көрсеткен [5].

«Айқап» журналында басылған С.Торайғыровтың музыка жөніндегі біраз ойлары өз заманының шындығын дәлелдегендей «Байқаймын, біздің қазақ ән құмар халық... Біреу домбыра ұстап, ән сала бастаса, ойдағы – қырдағасы жиылып, сегіздегі бала, сексендегі шалына дейін қалмай қамалып, айтшы – айттылап, жанын жағасына келтіреді... Бір халықтың әні кетсе, сәні кетсе, жаны кетеді... әнді сактаудың қамын қылындар! Жолдастар! Жас балаларды ән үйренуге қызықтырындар! Жаңа шыққан өлеңдердің жүректі жандандыратындарынан үні жақсы балаларға ән салғызып қойсандар, о шіркін, қандай ұтымды! Өлең айтушы әнпаз адамдарды жұртқа есерсоқ деп көрсетпей, есті деп, қадірлі етіп көрсетуге тырысындар!» – деп жазды [5].

Жоғарыда көрсетілген пікірлерге ағартушы педагогтар В.А.Сухомлинский, В.Н.Щацкий, Н.А.Грозденская, Д.Б.Кабалевский, А.В.Луначарский, Б.В. Асафьев, Н.Я.Брюсов, Б.Л.Яворский, Л.С.Выготский, О.А.Апраксина, Л.Г.Арчажникова, Э.Б.Абдуллин, әртүрлі аспектілік музыкалық тәрбие жөнінде М.Х.Балтабаев, С.А.Ұзақбаева, А.А.Қалыбекова, Р.Ш.Сыдықова, Р.К.Қасенова макұлдан музыкаға деген көзқарастары ерекше болған.

Өз халқына, ұлтына деген патриоттық сезімді қазақ ағартушылары Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, Ш.Кұдайбердиев шығармаларынан көруге болады.

Ш.Уәлиханов өзінің патриоттық сезімін ірбіт сандығында мен ең алдымен отбасымды, тұған-туыстарымды қадірлеймін деген болатын. *А.Құнанбаевтың еңбектерін зерделеп қарайтын болсақ жастарды ерлік рухта, патриотизмге баулып, намысын, ар-ожданын, адамгершілік қасиеттерін тудыратын жыр жолдарын кездестіреміз. Міне, музыкасыз бүкіл әлем, бірде-бір халық өмір сүре алмайды. Осының айғағы ретінде ұлы Абай: «Тұғанда дүние есігін ашады елен, Өлеңмен жер қойныңа кірер денен» - деп музыканың тамаша қыр-сырын ашып музыканың адам тағдырындағы қызметін дәл сипаттаған. Ұлы ағартушы Ы.Алтынсарин адамгершілік тәрбиесінің негізгі қасиеттеріне патриотизм, гуманизм, адалдық, еңбек сүйгіштік,

қарапайымдылық, әділеттілікті жатқызады. «Патриотизм және гуманизм – жоғары адамгершілікті адамның маңызы белгілері», - деп «Қыргыз хрестоматиясындағы еңбегінде атап өткен. Ш.Құдайбердиевтің пікірі адамгершілікті адамның мейрімділік, ұят, ар, еңбек сүйгіш, адамға тұлға ретінде құндылық деп карау терең сыйластық секілді гумандық сезімдерін көрді.

«Патриотизм» ұғымы А.С.Макаренконың, А.В.Луначарскийдің, В.А.Сухомлинскийдің С.Т.Щацкийдің, А.А.Данилов, Н.И.Скаткин, И.Я.Лерне, Ю.К.Бабанский, В.И.Харламов, Ю.П.Азаров, В.С.Селивановтың және қазақстандық ғалымдар Б.Қ.Жарықбаев, С.Қ.Қалиев, М.С.Жұнісов, О.А.Момышбаев, А.Г.Бижанов, У.Қасенов, М.М.Скибицкий, И.П.Камарин, А.Бектуров, А.Бейсенбаев, Л.Сейдахметова, Ә.Жұмаханов, С.Ешімханов, С.К.Нұрмұқашева, Е.Жұматеева, А.К.Ахметов, Д.С.Құсайынова, С.Т.Иманбаева т.б. ғылыми еңбектерінде өз көрінісін тапты.

Жоғарыда аталған ағартушы педагогтардың ілімдері мен зерттеушілердің еңбектерінде патриоттық сезімдер Отанға, өз халқына деген сүйіспеншілігі көрінеді.

Қазақ халқының педагогикасында ән-қүй ерекше орын алады. Олардың патриоттық тәрбиелеудегі рөлі зор. Поэзиялық сезідері мен әдемі әуендерінің арқасында олар балалардың сезімдері мен санасына құшті әсер етеді және олардың естерінде ұзақ сақталады. Әндер, күйлер идеяның – этикалық, эстетикалық, адамгершілік, патриоттық педагогикалық ойдың музикалы поэзиялық безендірілуімен құнды болып келетіні сезісіз. Жалпы білім беретін мектептердегі музика сабағы ән салу, күй тындау «көңіл-қүй» көтеруге арналған пән емес. Музика сабағы қазіргі кезде педагогика ғылымының жетістігіне сай, турлі әдістемелік жәйттермен өткізіліп, оку сапасы артты. Музика сабағы арнаулы сыныптарда түрлі музикалы, техникалы (пластишка, ойнайтын құрал, магнитофон, киноаппаратура, т.б.) аспаптармен жабдықталған бөлмеде өткізіледі. Музика сабағының алдында тұрған негізгі мақсат – шәкіртке музикантың құдіретті қүшін таныту. Оқушылардың санасына, еркіне, сезімі мен ұшқыр қиялына әсер ету. Сонымен қатар бұл өмірдің түрлі жайттарын адам баласының қолы жеткен табыстарымен өмір шындығын сезінуге, елін, жерін Отанды сую сезіміне баулиды. «Атамұра» баспасындағы музикалық шығармалар, патриоттық әндер «Отаным - Қазақстан», «Елім-ай», «Тұған ел», «Ел қорғауға әзірміз» т.б. көптеген музикалық шығармаларды қарайтын болсақ, ойлауға, тереңірек сезінуге, түсінуге және ерлікті дәріптеуге үйретеді. Патриоттық сезім Отанға деген сүйіспеншілікті, оны қорғауға тәрбиелейді. В.А.Сухомлинский «Егер сәби шақта музикалық шығарманың әсемдігін жүреккек жеткізе білсек, егер дыбыстардан бала адам сезімінің санқырлы реңін сезіне білсе, ол мәдениеттің ешқандай құралдарымен жетуге болмайтын сатысына көтеріледі... Музикалық тәрбие – бұл музикантты тәрбиелеу емес, ең алдымен адамды тәрбиелеу» дегенінде үлкен шындық жатыр [6].

Жалпы қорытындылай келе қазақтың музикалық шығармашылығы арқылы мектеп оқушыларын патриотизмге тәрбиелеу технологиясының барысында даму өрісінің басты тірекі - патриоттық тәрбие дей отырып, дамудың өзі патриотизмсіз жүзеге аспайтынын мойындаған жөн деп - біз өз ойымызды қорытындылаймыз.

Әдебиет

- 1 Қазақстан Республикасындағы Білім туралы заңнама. Заң актілерінің жиынтығы. – Алматы: Юрист, 2004.
- 2 Қазақстан Республикасы Президентінің халқына жолдауы «Қазақстан 2030». - Алматы: Дәнекер, 2001.
- 3 Чернышевский Н.Г. Полн. собр. соч. в 45 томах.- М., 1949. - Т.2.-С.308.
- 4 Теплов Б.М. Психология музыкальных способностей. -М., 1965.-С.49.
- 5 Жұбанов А. Замана бұлбұлдары.- Алматы, 1973. - 6-12 б.
- 6 Сухомлинский А.В. Избр.соч. в 3 томах.- М., 1979. -Т.1.-С.75.

Резюме

В данной статье рассматриваются проблемы патриотического воспитания школьников посредством казахского народного музыкального творчества. А также важность человеческих чувств, а именно патриотизм и гуманизм. Путем воздействия казахского народного музыкального творчества на

сознание, мышление и чувства школьников воспитать в них патриотизм: любовь к Родине, земле и традициям своего народа.

Summary

This article runs the problems of motherland cabining technology of schoolboys within Kazakh folk musical art. And as importance of human feelings, namely as patriot and humans. By influence of the Kazakh national musical creativity on consciousnesses, thinking and feeling of the schoolboys to bring up in them patriot to native Land, ground and tradition of the people.